

"Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 157 бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 562 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 157 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде - № 9512 тіркелген, 2015 жылғы 19 ақпандағы № 33 (28511) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

Энергетика министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
В. Школьник